

ТАРИХИ АНЫҚТАМА

Орал қаласы

« -----»-----2003ж.

Облыстық «Орал өңірі» газетінің тарихы 1918 жылдан бастау алады. Осы кезеңнен бастап Хан ставкасында (қазіргі Бөкей ордасы ауданы) «Хабар» жарық көрді. Газет Орал қаласында біршама кейін 1919 жылдан бастап кеңес өкіметі орнағаннан соң шыға бастады. Газет «Екпінді құрылыс» деп аталады.

13.08.57 жылдан бастап газеттің аты «Октябрь туы» газетінің редакциясы деп өзгертілді.

1962 жылғы шілдеден 15.04.63 жылға дейінгі бұйрықтар жоқ және мәліметтер сақталмаған.

Қазақстан КП Орал облыстық обкомы бюросының шешімі негізінде облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің біріктірілген редакциясының 16.04.63 жылғы №1 бұйрығымен Х.Нұрмұхамедов біріктірілген «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің редакторы болып бекітілді.

Негіз: ф – сөре, 1 бет, 1-мәлімет, 6 - іс, 1 парақ.

Қазақстан КП обкомы бюросының шешімі негізінде облыстық «Орал өңірі» газеті редакциясы бойынша шығарылған 09.02.65 жылғы №1 бұйрықпен Х.Нұрмұхамедов облыстық «Орал өңірі» газетінің редакторы болып бекітілді.

Негіз: ф ----- №1 тізімдеме, 2 – мәлімет, 8 - іс, 1 – парақ.

Сонымен 09.02.65 жылдан бастап «Орал өңірі» газеті жергілікті партия және кеңес органдарының ресми басылымы болып табылатын дербес редакция болды.

Газет 1991 жылғы наурызға дейін Орал облыстық баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармасының құрамында болды.

1991 жылғы наурыздан бастап «Орал өңірі» газетінің редакциясы полиграфия жүйесінен бөлініп шығады және өз бетімен жұмыс істейтін бірлікке айналады. 1992 жылғы наурыздан бастап облыстық өкімшілік газеттің құрылтайшысы болып табылады, ал 1994 жылдан бастап оған облыстық мәслихат қосылады.

2000 жылғы штаттық к е с т е

1. Редактор – 1
2. Редактордың орынбасары – 1
3. Бас бухгалтер – 1
4. Қабылдау бөлмесінің меңгерушісі (кадрлар) – 1
5. Бухгалтер-кассир – 1
6. Жүргізуші - 1
7. Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі - 1

П. Өндірістік құрамы

1. Жауапты хатшы – 1
2. Аға тілші - 2
3. Тілші - 2
4. Әдеби қызметкер – 2
5. Кіші әдеби қызметкер – 2
6. Меншікті тілші - 1
7. ЭВМ операторы – 4
8. Шығарушы – 1
9. Коммерциялық бөлімінің меңгерушісі - 1
10. Фототілші - 1
11. Корректор – 1

12. Кеңсе тазалаушы – 1
Жиынтығы: 26

Негіз: 1 – тізімдеме, 1- мәләмет, 24 - іс, 1 парақ.

«Орал өңірі» газеті редакциясы құжаттарының сақталуы талапқа сай келмейді. Өкінішке орай ерте кезеңдегі қызмет құжаттары сақталмаған. 1944 жылдан бастап мерзімі көрсетілген құжаттама негізінен жеке құрамға қатысты бұйрықтар түрінде болып келеді.

Еңбекақы есептеу жөніндегі ведомостар 1969 жылдан басталады.


1962 жылғы шілдеден 1963 жылғы шілдеден 1963 жылғы сәуірге дейінгі, түгелімен 1967 жылғы бұйрықтар жоқ. Сол сияқты ерте кезеңдегі және 1969 жылға дейінгі еңбекақы есептеу жөніндегі ведомостар да табылмады.

Ғылыми-техникалық сұрыптау бірінші рет жүргізіліп отыр.

Құрастырылды:

1. 1978, 1988-2000 жылдардағы тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесі - саны – 34 іс.
2. 1944-2000 жылдардағы жеке құрам жөніндегі істердің №1 тізімдемесі - саны – 103 іс.
3. 1982-1999 жылдардағы құжаттарды жою акті -- саны --- іс.
4. Жетіспеген құжаттарға акт.
5. Тарихи анықтама.
Құжаттар жақсы сақталған, құжаттардың тілі - аралас
Құрастырған:

А.Т.Ташенова



Д.Г.Наурызғалиева